

«КЕЛІСІЛДІ»

«Қостанай облысы әкімдігінің  
мәдениет басқармасы» ММ  
басшысы

  
К. Атамуратов  
«    »      2025 ж.



«БЕКІТЕМІН»

Қостанай облысы әкімдігі  
мәдениет басқармасының  
«Облыстық қуыршақтар  
театры» КМҚК басшысы

  
Т. Альгожин  
«26» 03 2025 ж.



## «Kostanay Puppet life» Халықаралық қуыршақ театрлары фестивалінің ЕРЕЖЕСІ

### 1 тарау. Жалпы ережелер

- 1.1. Осы Ереже қуыршақ театрларының халықаралық «Kostanay Puppet life» (бұдан әрі – Фестиваль) фестивалін ұйымдастыру, өткізу және оған қатысу тәртібін реттейді.
- 1.2. Фестивальдің құрылтайшысы Қостанай облысы әкімдігі мен «Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы» ММ болып табылады.
- 1.3. Фестивальдің ұйымдастырушысы Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Облыстық қуыршақтар театры» КМҚК (бұдан әрі - Ұйымдастырушы) болып табылады.
- 1.4. Фестивальдің өткізілетін уақыты: 2025 жылдың 17 мен 20 қыркүйек аралығы.
- 1.5. Фестивальдің өтетін орны: Қостанай қаласы (Қазақстан Республикасы).

### 2 тарау. Фестивальдің мақсаты мен міндеттері

- 2.1. Қуыршақ театрларының шығармашылық ұжымдары арасындағы ынтымақтастықты нығайту.
- 2.2. Өңіраралық және мемлекетаралық мәдени байланыстарды дамыту және кәсіби қуыршақ өнерін насихаттау;
- 2.3. Қуыршақ театрлары мамандарының кәсіби деңгейі мен орындаушылық шеберлігін арттыру;
- 2.4. Қазақстан мен шет елдердің қуыршақ театрларының заманауи шығармашылығымен, өнерінің алуан түрлілігімен таныстыру.

### 3 тарау. Фестивальдің ұйымдастыру комитеті

- 3.1. Фестивальді өткізудің ұйымдастыруы мен басқаруын Ұйымдастыру комитеті жүргізеді. (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті);
- 3.2. Ұйымдастыру комитетінің құрамы Фестиваль ұйымдастырушысының



бұйрығымен бекітіледі.

- 3.3. Ұйымдастыру комитеті келіп түскен өтінімдерді және оған қоса берілетін материалдарды қарау нәтижелері бойынша үздік спектакльдерді іріктейді және фестивальге қатысушылардың құрамын анықтайды.

#### **4 тарау. Фестивальге қатысу шарттары**

- 4.1. Фестивальге премьерасы соңғы екі-үш жылда өткен қойылымдарымен (балаларға немесе ересектерге арналған) Қазақстанның және шет елдердің кәсіби қуыршақ театры ұжымдары қатыса алады.
- 4.2. Ұйымдастыру комитетінің іріктеуінен өткен әр театрдан бір (1) спектакль фестивальге қатыса алады;
- 4.3. Фестивальге қатысатын театрларға спектакль көрсеткені үшін ақы төленбейді;
- 4.4. Ұйымдастыру комитеті келіп түскен өтінімдерді, спектакльдердің бейнежазбалары мен фотосуреттерін қарау негізінде іріктеу жүргізіп, театрды шақыру туралы шешім қабылдайды және бұл туралы 2025 жылғы 1 маусымына дейін кешіктірмей жазбаша түрде хабарлайды;
- 4.5. Қатысушы театр делегациясының құрамы әртістерді, ресми делегация мүшелерін және техникалық персоналды қоса алғанда 10 (он) адамнан артық болмауы тиіс. Делегация мүшелерінің саны шектен асып кеткен жағдайда, делегация мүшелерінің қосымша санының шығыстарын жіберуші тарап көтереді;
- 4.6. Ұйымдастырушылар Фестиваль кезінде қатысушы театрлардан 10 (он) адамға Қостанай қаласы бойынша тұру, тамақтану және трансфер шығындарын көтереді. Қостанай қаласына дейін барлық шығындарды (келу, кету, декорацияларды тасымалдау) қатысушы театр көтереді.

#### **5 тарау. Фестивальге қатысу ережелері**

- 5.1. Фестивальге қатысу үшін Ұйымдастырушыға 2025 жылдың 15 сәуіріне дейін [teatrkokolkst@mail.kz](mailto:teatrkokolkst@mail.kz) электрондық поштаға келесі материалдарды ұсынуларыңыз қажет:
- № 1 қосымша сәйкес рәсімделген фестивальге қатысуға өтінім;
  - №2 қосымшаға сәйкес рәсімделген спектакльдің техникалық спецификациясы;
  - Фестивальге қатысушылардың тізімі №3 қосымша бойынша жіберіледі;
  - спектакльдің толық және сапалы бейнежазбасы (бейнежазбаның сапасы нашар болса, Ұйымдастыру комитеті өтінімді қараусыз қалдыруға құқылы);
  - жарнамалық роликтерге арналған спектакльдің қысқаша бейнежазбасы (1 минуттан аспайды);



- спектакльдің және театр ғимаратының қасбетінің жоғары сапалы фотосуреттері, афиша, бағдарлама, театр логотипі және спектакльдің қысқаша аннотациясы;
  - театрдың тарихы туралы қысқаша анықтама:
- 5.2. Құжаттар мен материалдар толық ұсынылмаған жағдайда театрлар іріктеуге жіберілмейді;
- 5.3. 2025 жылдың 15 сәуірінен кейін келіп түскен материалдар қарастырылмайды;
- 5.4. Ұсынылған құжаттар мен материалдар қайтарылмайды;
- 5.5. Фестиваль туралы ресми ақпаратты Ұйымдастыру комитеті театрдың <http://www.teatrkukol-kst.kz> ресми сайтында орналастырады:

## **6 тарау. Қазылар алқасы**

- 6.1. Құрамында Қазақстандық және шетелдік танымал театр мамандары, театр сыншылары және басқа да шығармашылық зиялы қауым өкілдері бар қазылар алқасы қойылымдарды бағалайды, қорытындылайды және номинациялар бойынша жүлдені беру туралы шешім шығарады. Қазылар алқасына конкурстық бағдарлама спектаклінің қоюшылары мен қатысушыларын кіре алмайды.
- 6.2. Қазылар алқасы құқылы:
- 1) номинация бойынша сыйақы тағайындамауға;
  - 2) сыйақыларды қайта бөлуге.
- 6.3. Қазылар алқасы ашық көпшілік дауыс беру арқылы шешім қабылдайды және қазылар алқасының төрағасы мен барлық мүшелерінің қол қойылуы қажет хаттамамен рәсімделеді.
- 6.4. Қазылар алқасының шешімі Фестивальдің жабылу салтанатында жарияланады, түпкілікті болып табылады және қайта қайтарылмайды.
- 6.5. Қазылар алқасы мүшелерімен Фестиваль аясында қатысушылар үшін шеберлік сабақтары өткізілуі мүмкін.
- 6.6. Фестивальде театрлар келесі номинациялар бойынша қазылар алқасымен бағаланатын қойылымдарын ұсынады:
- 1) «Ең үздік спектакль»
  - 2) «Ең үздік актерлік жұмыс»
  - 3) «Ең үздік қуыршақ жүргізуші»
  - 4) «Ең үздік режиссерлік жұмыс»
  - 5) «Ең үздік суретші жұмысы»
- Бұл номинациялар ақшалай сыйлық беруді қарастырады.

## **7 тарау. Фестивальді ақпараттық жариялау**

- 7.1. Фестиваль жұмысын жариялау мақсатында Ұйымдастыру комитеті бұқаралық ақпарат құралдарына қажетті материалдарды ұсынады.

7.2. Фестивальдің салтанатты ашылуы алдында Ұйымдастыру комитеті Фестивальдің қазылар алқасы мүшелері және басқа да қатысушыларының қатысуымен баспасөз конференциясын ұйымдастырады.

## 8 тарау. Қаржыландыру тәртібі

8.1. Фестиваль жергілікті бюджет шегінде және оның есебінен қаржыландырылады. Бөлінген қаражат бекітілген бюджетке сәйкес толық көлемде жұмсалады;

8.2. Фестивальді ұйымдастырушы жергілікті бюджет қаражатын пайдалана отырып қамтамасыз етеді:

- 1) Қазылар алқасы мүшелерінің шығындары (келу, кету, тұру, тамақтану, Қостанай қаласы бойынша тасымалдау және төлемақы);
- 2) Фестивальге қатысатын театрлардың шығындары (әр театрдан 10 адамнан Қостанай қаласы бойынша тұруға, тамақтануға және трансферлерге);
- 3) Арнайы шақырылған қонақтардың өткізілетін тренингтеріне, лекцияларына, шеберлік сабақтарына және басқа да іс-шараларға жұмсалған шығындары (келу, кету, тұру, тамақтану, Қостанай қаласы бойынша трансфер және төлемақылар);
- 4) Жарнамалық және баспа өнімдерін өндіруге, сондай-ақ Фестивальге арналған кәдесыйлар өндіруге арналған шығыстар;
- 5) Фестивальді безендіру және өткізу үшін баннерлер, LED экрандар, жарықтандыру, дыбыс және басқа құрылғылармен қамтамасыз ету шығындары;
- 6) Фестивальдің номиналды жүлде қоры.

8.3. Қатысушылардың келуіне/кетуіне, декорацияны Қостанай қаласына дейін және кері қарай тасымалдауға, сондай-ақ Фестивальге қатысушылардың қосымша санының келуіне байланысты шығындарын қатысушы театрлар төлейді.



**Байланыс ақпараты:**

**Фестиваль координаторы:**

+ 7 771 132 57 82 Жанбекова Анара Бериковна

Электрондық пошта: [teatrkuolkst@mail.kz](mailto:teatrkuolkst@mail.kz)

Қабылдау: +7 7142 53 64 03

**Техникалық сұрақтар бойынша:**

+ 7 747 901 82 10 Алышов Алик

**Мекенжай :**

Қазақстан Республикасы, Қостанай қаласы,

Перронная көшесі, 20

Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасының «Облыстық қуыршақтар театры» КМҚК